

Мәслихаттың "Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 151 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 ақпандығы № 100 шешімі. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 62 шешімімен

**Ескерту. Күші бұзылды - Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 04.09.2023 № 62 шешімімен (алгашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Әулиекөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 19 наурыздағы № 151 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4665 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы", орыс тіліндегі тақырыбында "ауылдар" деген сөз алынып тасталсын;

1 және 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиындарын

өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшаларында:

"Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 151 шешімімен бекітілген" деген сөздер "Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 151 шешіміне 1-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 151 шешіміне қосымша" деген сөздер "Мәслихаттың 2014 жылғы 19 наурыздағы № 151 шешіміне 2-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әулиекөл аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Қойшыбаев

Мәслихаттың

2022 жылғы 9 акпандагы

№ 100 шешіміне

1-қосымша

Мәслихаттың

2014 жылғы 19 наурыздағы

№ 151 шешіміне

1-қосымша

**Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес өзірленді және Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округі тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрыллатын және жұмыс істейтін ауылдық округтің

аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Сұлукөл ауылдық округінің аумағы участкерге (ауылдарға, көшелерге) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Бөлек жиынды Сұлукөл ауылдық округінің әкімі шақырады және үйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Сұлукөл ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етіледі.

7. Ауыл, көше шегінде бөлек жиынды өткізууді Сұлукөл ауылдық округінің әкімі үйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауыл, көшениң қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Бөлек жиынды Сұлукөл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Сұлукөл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің кандидатураларын Әулиекөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

11. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Сұлукөл ауылдық округінің әкімінің аппаратына береді.

Мәслихаттың

2022 жылғы 9 акпандагы

№ 100 шешіміне

2-қосымша

Мәслихаттың

2014 жылғы 19 наурыздагы

№ 151 шешіміне

2-қосымша

**Қостанай облысы Өулиекөл ауданы Сұлукөл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиыннына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы**

№ р/с	Сұлукөл ауылдық ауылдық округінің елді мекендерінің, көшелерінің атаулары	Өкілдер саны (адам)
1	Юльев ауылы	8
	Баймагамбетов	1
	Октябрь	1
	Совет	1
	Халиулин	1
	Гагарин	1
	Комсомол	1
	Абай	1
2	1 Май	1
	Федосеев ауылы	3
3	Шилі ауылы	3
	Барлығы	14